

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»
Аграрлық факультетінің
деканы
Тастанбекова Г.Р. _____
« ____ » _____ 2024ж.

2023-2024 оқу жылындағы
«Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының жұмысы
туралы

ЕСЕБІ

« __ » ____ 2024 ж.
№ _____ хаттамамен
Факультет Кеңесінде қаралды
Кафедра меңгерушісі
П.С.Султанбекова _____

Шымкент 2024 ж.

Кафедраның жылдық есебінің құрылымы

1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	3
2. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту	5
3. Студентке бағдарланған білім беру, оқыту және бағалау	7
4. Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау	9
5. Оқытушылар құрамы	16
6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі	26
7. Ақпаратты басқару	27
8. Қоғамды ақпараттандыру	28
9. Бағдарламаларды мерзімді бағалау және тұрақты мониторинг	29
10. Мерзімді сыртқы сапаны қамтамасыз ету	30

1 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

"Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника" кафедрасында бакалавриатты дайындаудың 3 бағыты бойынша оқыту жүзеге асырылады.

СРЖЖА кафедрасында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының мақсаттары университет миссиясы мазмұнының бағыттарына сәйкес келеді және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің барлық деңгейлерінде іске асырылады. Білім беру бағдарламасын орындауды қамтамасыз ететін білім алушыларды қоса алғанда, кафедраның барлық мүшелері бағдарламаларды әзірлеуге қатысады және олардың сапасы үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары студентке бағдарланған оқытуға, оқытуға және бағалауға ден қоя отырып, экономиканың дамуы мен өңірдің және елдің Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін СРЖЖА кафедрасы өз алдына қажетінше іске асырылатын міндеттер қояды.

Білім беру бағдарламалары кафедрасында жүзеге асырылатын міндеттер мен мақсаттар оқу жоспарында оқу пәндері түрінде, практикалардың әртүрлі түрлері, бақылау нысандары, пәндер блоктары бойынша сынақ бірліктерін бөлуде, интерактивті нысандарда өткізілетін сабақтардың үлес салмағын көрсетуде көрініс табады.

Білім беру бағдарламасы сапасының кепілдіктері жоғары оқу орнының ішкі жүйесі есебінен студенттердің өзін-өзі бағалау сапасы; ресурстар сапасы; оқыту сапасы; профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі; білім беру бағдарламаларының сапасы; білім беру инфрақұрылымының сапасы; түлектердің құзыреті есебінен қамтамасыз етіледі.

Білім беру сапасын басқару мәселелері кафедра отырыстарында үнемі қаралады. 1-кестеде кафедрада жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі берілген.

1-кесте - "Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника" кафедрасында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

№	Дайындық бағыты	БББ атауы	Кафедра атауы	Кафедра меңгерушісі
Бакалавриаттың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі:				
1	6B086 - Су ресурстары және суды пайдалану	6B08610 - Су ресурстары және суды пайдалану	СРЖЖА	Султанбекова Парида Сынабаевна
2	6B087 - Агроинженерия	6B08710 - Аграрлық техника және технология		
3	6B073- Сәулет және құрылыс	6B07350 - Жерге орналастыру		
4		6B07360 - Кадастр		
5		6B07330 - Сумен жабдықтау, су бұру және су ресурстарын қорғау		
Магистратураның іске асырылатын білім беру бағдарламасы тізбесі:				
1	M127-Инженерлік желілер мен жүйелер	7M07330-Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету	СРЖЖА	Султанбекова Парида Сынабаевна
2	M128-Жерге орналастыру	7M07350-Геокеңістіктік сандық инженерия	СРЖЖА	Султанбекова Парида Сынабаевна

2-кестеде мамандандырылған аккредиттеуден өту туралы мәліметтер берілген.

2-кесте-мамандандырылған аккредиттеуден өту туралы мәліметтер

№	Білім беру бағдарламасы	Сертификатты берілген күні және мерзімі
Бакалавр дәрежесі		
1	6B08610 - Су ресурстарыжәне суды пайдалану	30.03.2024ж-29.03.2029ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
2	6B08710-Аграрлықтехника жәнетехнологиялар	30.03.2024ж-29.03.2029ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
3	6B07350-Жергеорналастыру	18.06.2022ж- 17.06.2027ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
4	6B07360-Кадастр	18.06.2022ж- 17.06.2027ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
5	6B07330-Сумен жабдықтау, су бұружәне су ресурстарынкорғау	30.03.2024ж-29.03.2029ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
Магистратура дәрежесі		
1	7M07330-Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету	30.03.2024ж-29.03.2029ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ
2	7M07350-Геокеңістіктік сандық инженерия	30.03.2024ж-29.03.2029ж. 5 жыл ТАБББСҚЕ

БББ мақсаттарының серпінділігі жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықта іске асырылатын БББ практикалық-бағдарлылығымен расталады. Міндетті рәсім-жұмыс берушілер-серіктестер қатарынан сарапшылардың БББ талқылауына қатысу. Жұмыс берушілер БББ жобалау мен іске асыруға тікелей қатысады. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысуы элективті пәндер тізбесін келісу, кәсіптік практикаға басшылық жасау, ПОҚ бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелерін рецензиялау, АҚ жұмысына қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Кафедра бекітілген Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жұмыс істейді (25.12.2023 № 5 хаттама). Қосымшаның 1-кестесінде Стратегиялық жоспардың орындалуы туралы мәліметтер келтірілген.

Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатында оқыту, ғылыми зерттеулер және оқыту арасындағы өзара іс-қимыл нәтижелері әртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылатын бакалаврлық дипломдық жұмыстарды орындаудың ҒЗЖ және СҒЗЖ есебінен қамтамасыз етіледі.

Академиялық адалдықты қолдау бойынша негізгі шаралар, сондай-ақ академиялық алаяқтыққа қарсы іргелі ережелер М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың барлық нормативтік құжаттарында (академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелері, этика Кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) жүзеге асырылады. Келесі аспектілер оқу процесіне қатысушылар арасында ашықтық пен әділдікті сақтауға мүмкіндік береді: оқу жетістіктерін бағалау бойынша электрондық базаға ашық қолжетімділік; оқытушы мен студент арасындағы ОҚУ порталы арқылы кері байланыс; студенттер мен магистранттардың жазбаша жұмыстарын тексеру үшін "Антиплагиат" лицензиялық бағдарламасын қолдану.

Студенттер мен ПОҚ-ның барлық жазбаша жұмыстары "Антиплагиат" рәсімінен өткені туралы анықтамалары бар.

Білім беру бағдарламасын меңгеру сапасы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық бақылауды, аралық аттестаттауды және бітірушілерді мемлекеттік қорытынды аттестаттауды жүзеге асыру жолымен бағаланады.

Қорытындылар:

- Кафедрада бакалавриатты дайындаудың 5 бағыты бойынша және магистратураның 2 бағыты бойынша оқыту жүзеге асырылады.

- Кафедрада бакалавриаттың 5 БББ және магистратураның 2 БББ жүзеге асырылады, оның ішінде аккредиттеуден өткендері:

- Аккредитациядан өткен БББ:

6B08610 –«Су ресурстары және суды пайдалану» (бакалавриат) және 6B07330-«Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» (бакалавриат) , 6B08710-«Аграрлық техника және технология» (бакалавриат); 7M077350-«Геокеңістіктік сандық инженерия» және 7M07330-«Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету» (магистратура)білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі аккредитациялау аккредитациялау Тәуелсіз агенттігінен(№9 хаттама 24.04.2024ж).

6B07350-Жерге орналастыру (бакалавриат), 6B07360-Кадастр (бакалавриат), білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық аккредитациялау тәуелсіз агенттігінен. Осы оқу жылында БББ постаккредитациялық мониторинг жасалынды (№9 хаттама 25.04.2024ж)

2.Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару

Кафедрада жүзеге асырылатын БББ мақсаттарына жету үшін қажетті ресурстар бар:

- жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы;
- БББ бойынша білім алушыларды дайындау процесінде пайдаланылатын оқу әдебиеті қоры ;
- даярлық бейіндері бойынша кәсіптік практика базаларының болуы;
- материалдық-техникалық базаның болуы (білім алушылардың зертханалық сабақтарын және зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған зертханалық жабдық).

БББ бойынша барлық білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары әзірлеу, кафедрада талқылау, факультет кеңесі, өңірдің әлеуетті тұтынушыларымен келісу және университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекіту рәсімінен өтті.

Барлық БББРеестрге енгізу рәсімінен өтті. 2023-2024 оқу жылына 6B07350 «Жерге орналастыру», 6B07360 «Кадастр», 6B08710 «Аграрлық техника және технология», 6B08610 «Су ресурстары және суды пайдалану», 6B07330 «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» БББ МЕСТ сәйкес өзгерістер енгізіліп Жаңарту хаттамасы жасалды (№ 7 хаттама 26.02.2024 ж).

СРЖЖА кафедрасында магистратура БББМЕСТ өзгеруі және кәсіби стандарттардың өзгерісі негізінде қайта даярланып және Реестрге енгізілді:

- БББ 7M07350-Геокеңістіктік сандық инженерия 7M073-Сәулет және құрылыс дайындық бағыты бойынша M128-Жерге орналастыру білім беру бағдарламаларының тобы;

- БББ 7M07330 Қалалар мен өнеркәсіпті сумен жабдықтау 7M073 - Сәулет және құрылыс дайындық бағыты бойыншаM127- Инженерлік желілер мен жүйелер білім беру бағдарламалары тобы;

- сондай-ақ қос дипломды БББ 7M07351–«Жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстар технологиясы» M128-Жерге орналастыру білім беру бағдарламасы тобы бойынша жасалып реестрге енгізілді (27.05.2024 ж).

Кафедрадағы қолданыстағы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу коэффициенті туралы мәліметтер 3-кестеде келтірілген.

3-кесте-Кафедрада іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу коэффициенті туралы мәліметтер

БББ шифры мен атауы	БББ түрі	Қол жеткізушілік	Коэф тізілімінде тіркелген күні, %
"Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника" кафедрасы			
Бакалавриат			
6B08610 - Су ресурстары және суды пайдалану	қолданыстағы	10.06.2024	84,86

6B08710- Аграрлық техника және технология	қолданыстағы	19.06.2024	81,31
6B07350- Жерге орналастыру	қолданыстағы	17.06.2024	78,54
6B07360-Кадастр	қолданыстағы	03.06.2024	83,40
6B07330- Сумен жабдықтау, су бұру және су ресурстарын қорғау	қолданыстағы	13.06.2024	87,32
Магистратура			
7M07330- Қалалар мен өндірісті сумен қамтамасыз ету	жаңа	10.06.2024	77,68
7M07350-Геокеңістіктік сандық инженерия	инновациялық	03.06.2024	79,42
7M07351- Жерге орналастыру және кадастрлық жұмыстар технологиясы	қос дипломды		

Білім беру бағдарламалары төмендегі құжаттарға сәйкес дайындалған:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" ҚР Заңымен,
- ҚР БҒМ "Барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын (бұдан әрі-МЖБС) бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы № 604, "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152, "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 604; 2018 жылғы 14 шілдедегі № 595", "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрықтарымен;

- Сынақ бірліктерін көшіру мен жинақтаудың Еуропалық жүйесін (ECTS) пайдалану бойынша нұсқаулық,

- Еуропалық жоғары білім кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулық.

Кәсіптік стандарттар қолданылды:

- "Су алу және суды дайындау", "Ақпа суларды тазарту", "Су өткізетін және су бұратын желілерді жобалау және пайдалану" кәсіптік стандарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген;"Жайылымдарды суландыру" кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 26.10.2022 ж. №263 бұйрығымен бекітілген.

«Су құбыры және су бұру желілерін жобалау және пайдалану» кәсіптік стандарт: "Ағынды суларды тазарту", "Кәріз жүйелерінің құрылысы". " кәсіптік стандарттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығымен бекітілген;

«Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына ықпал ететін қызмет және өсімдік өңдеу қызметі» кәсіби стандарты. «Атамекен» Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы басқармасының төрағасы орынбасарының бұйрығына № 1 қосымша №65, 03.04.2023ж. бекітілген.

"Геоақпараттық жүйелерді әзірлеу" кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 24.12.2019 ж. №259 бұйрығымен бекітілген.

Кафедрада жүзеге асырылатын барлық БББ" білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту туралы" ережеге сәйкес әзірленген ОҚУ СМЖ П 7.44-2021. Аккредитацияланған даярлау бағыттары бойынша БББ әзірлеуге жұмыс берушілер тарапынан су және жер шаруашылығы, агроинженерия саласындағы сарапшылар тартылды. БББ дайындауға жұмыс берушілердің қатысуы туралы мәліметтер 2-кестеде (қосымша) келтірілген. Білім беру бағдарламалары сәйкес әзірленген.

Аккредитацияланған БББ дайындауда қатысудан басқа, стейкхолдерлер білім беру бағдарламаларын іске асыру процесіне белсенді түрде жәрдемдеседі, мысалы, жұмыс беруші ретіндегі "Су ресурстары - Маркетинг" ЖШС базасында дуальді оқыту АП-20-12дк

тобында 6B07330-Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау БББ бойынша жүргізілді. 2023-2024 оқу жылына АП-21-5дк және АП-21-4дк топтары ашылып «Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративтік экспедициясы» РМК келісім шарт жасалып дуальді оқыту 6B07350-«Жерге орналастыру» және 6B08610-«Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілердің өкілдері қорытынды аттестаттау жұмысына қатысады. АҚ төрағасы жыл сайын басқа жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамынан немесе жұмыс берушілерден таңдалып сайланады.

Кафедрада оқу жоспарлары мен модульдік оқу бағдарламаларын міндетті түрде өзектендіру рәсімі енгізілген. Кафедра еңбек нарығының қазіргі жағдайын қанағаттандыратын оқу бағдарламаларын тұрақты негізде жаңартып отырады (№ хаттама 26.02.2024ж).

Элективті курстардың каталогын қалыптастыру қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарын және оқу-ғылыми-өндірістік кешендер арқылы оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады. ЭПК енгізілген пәндер мұнай өңдеу және су және жер шаруашылығы, агроинженерия саласындағы дамудың өзекті бағыттарын көрсетеді және түлектердің ғылыми, кәсіби және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған. БББ және ЭПК әзірлеуге жұмыс берушілердің қатысуы туралы мәліметтер 5-кестеде (қосымша) ұсынылған.

Қорытындылар:

- Кафедрада жүзеге асырылатын барлық БББ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының Реестрге енгізу үшін білім беру бағдарламаларының паспорттарын сараптау нәтижелері бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізу коэффициентінің айтарлықтай жоғары көрсеткішін жинады.

- Жұмыс берушілер БББ және ЭПК әзірлеуге қатысады, қолданыстағы БББ сапасын жақсарту бойынша өз ұсыныстарын енгізеді.

- Кафедрада жүзеге асырылатын барлық БББ Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы бекіткен нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған. БББ оқу жоспарлары нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген. Оқу жоспарларында оқу пәндерінің модульдік құрылысының логикалық бірізділігі сақталған.

- 2023-2024 оқу жылына АП-21-5дк және АП-21-4дк топтары ашылып «Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративтік экспедициясы» РМК келісім шарт жасалып дуальді оқыту 6B07350-«Жерге орналастыру» және 6B08610-«Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша жүзеге асырылады.

3. Студентке бағытталған оқыту, оқыту және бағалау

Кафедрада студентке бағдарланған оқыту қағидаларын іске асыру қарастырылған: оқытудың икемді траекториясы:

- студенттер тәжірибелі эдвайзермен бірге ЖОЖ, оқу траекториясын құрастыруға және таңдауға қатысады;

-білімді бақылаудың ашықтығы мен оның объективтілігіне кепілдік беретін білімді балдық-рейтингтік бағалау жүйесі;

-жаңа оқыту технологиялары, оның ішінде электрондық оқулықтар, білім беру порталы, виртуалды зертханалық жұмыстар және т. б.

Оқу жоспары мен ЭПК негізінде білім алушылар өз бетінше оқу траекториясын қалыптастырады. Білім алушылар міндетті пәндердің талап етілетін санына тіркеледі және элективті пәндерді тандайды. Осы пәндердің тізбесі Жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көрсетіледі, оған үш данада бұрыштама қойылады, оның біреуі білім алушыға жасалған таңдау туралы хабардар болу үшін беріледі. Білім алушы ЖОЖ құруға және мамандықтың

оқу жұмыс жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсы толқ менгеруге жауапты болады.

Педагогикалық әдістерді бағалау және түзету ашық сабақтарды ұйымдастыру, сабақтарға өзара қатысу, әдістемелік секциялар мен семинарлардың отырыстары, ғылыми-әдістемелік кеңестердің жұмыстары, мастер-кластар өткізу шеңберінде жүргізіледі.

БББ оқу процесінде инновациялық технологияларды пайдалану қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаға сүйенеді, оны жетілдіру үнемі уақыт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Дәрістік және практикалық сабақтар слайдтарды көрсете отырып, интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтарды, виртуалды зертханалық жұмыстарды пайдалана отырып жүргізіледі.

Әрбір оқу пәнінің оқу бағдарламалары мен силлабустарында және практика бағдарламаларында Оқыту нәтижелері көрсетіледі, соның арқасында әмбебап және пәндік құзыреттерге қол жеткізіледі. БББ-ға сәйкес оқыту нәтижелеріне қол жеткізу жолдарын әрбір ПОҚ зертханалық, практикалық сабақтарды орындау түрінде, сондай-ақ ӨРҰ-ның әртүрлі нысандары арқылы айқындайды.

Білім алушылардың ЖОЖ-да білім алушының академиялық еркіндігі мен ұтқырлығын іске асыру үшін білім беру бағдарламасының барлық компоненттері мен элементтері ұсынылған. Оқытуды жеке жоспарлау оқу жылына эдвайзерлердің басшылығымен жүзеге асырылады.

Офис Регистратор білім беру бағдарламалары бойынша эдвайзерлерді тарта отырып, қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқу пәндеріне (Enrollment) жазуды онлайн форматта жүргізеді. Тіркеу алгоритмі мен тәртібі барлық студенттерге қол жетімді. 1 курс білім алушыларын электрондық тіркеу бағдар беру аптасы ішінде белгілі бір БББ-ға қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады. 2 курс білім алушыларын электрондық тіркеу әр оқу жылының наурыз айында жүргізіледі.

Білім алушылар себепті себептермен өткізіп алған сабақтардың оқу нәтижелерін игеруге, сондай-ақ ОҚУ СМЖ ПР 8.06 -2020 "Рәсім. Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу процесін басқару".

Білім алушылардың үлгеріміне қатысты мәселелер кафедра мәжілістерінде қаралады. Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қолданыстағы қағидаларына сәйкес қосымша (жазғы) семестрге қайта тапсыру қарастырылған. Білімді меңгеруде қиындық көріп жүрген білім алушыларға тьютор-пән оқытушыларының жеке консультациялары тағайындалады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібін, пәндер бойынша рейтингтік бағаларды қою үшін білім алушылардың үлгерімін бағалаудың қолданыстағы әдістемесін көздейтін білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары мен әдістері туралы ақпарат университеттің академиялық саясатында, пәндер бойынша анықтамалық-жолсілтемеде және силлабустарда ұсынылған. Ақпараттандыру университет сайттары арқылы жүзеге асырылады asu.ukgu.kz, <https://smart.ukgu.kz>/ruақпараттық стендтердегі хабарландырулар мен ұсыныстар арқылы.

Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау оқу жоспарларын талдау, ЭПК, ПОӘЖ, білім алушылар мен ПОҚ сауалнамасы, сабаққа қатысу негізінде жүргізіледі.

Сыртқы рәсімдер шеңберінде білім беру бағдарламалары бағдарламаларды аккредиттеуден және академиялық адалдық Лигасына мүшеліктің мониторингінен өтеді. Білім беру бағдарламасының жекелеген элементтеріне сыртқы сараптама жүргізіледі. ҚР Білім туралы Заңына сәйкес білім беру бағдарламалары аккредиттеу органдарының ұлттық тізілімінде орналасқан агенттіктерде ерікті негізде аккредиттеу рәсімінен өтеді (2-кесте).

Университеттегі академиялық ұтқырлық ішкі және сыртқы ұтқырлық, жазғы және қысқы мектептер арқылы жүзеге асырылады.

Сыртқы академиялық ұтқырлық аясында АП-22-6к2 тобының студенті Мақұлбек Алтынбек Польшадағы Люблин политехникалық университетінде күзгі семестрде білім алды.

АП-21-6тк тобының студенті Сайдалы Асел Польшадағы Краков политехникалық университеті университетінде күзгі семестрде білім алды.

Ішкі академиялық ұтқырлық аясында АП-21-6тк тобының студенті Амангелді Аружан Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде күзгі семестрде білім алды.

АП-22-4к тобының студенттері Садуахасова Балнұр, Джанабаева Алтынай, Қарпысбай Бекнұр, Сембек Саят Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде көктемгі семестрде білім алды.

Ішкі академиялық ұтқырлық аясында Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері Манасов О., Зиятбек Е., Кайрбекова Ж., Кабдолда Б. “Су ресурстары және суды пайдалану” БББ көктемгі семестрде біздің кафедрада білім алды.

"СРЖЖА" кафедрасында 03.06.2023- 14.06.2023 жж. аралығында «Аграрлық ғылымды әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау» атты халықаралық жазғы мектеп ұйымдастырылды. Бұл жазғы мектепке Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Қытай, Ресей, Беларусь, Өзбекстан елдерінің және Отандық ЖОО-ның (ҚазҰАЗУ, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті) жетекші 84 ғалымдары мен мамандары дәріс оқып, тәжірибелерімен бөлісті. Халықаралық жазғы мектепке 190-нан астам тыңдаушы қатысты.

Т.ғ.к., кафедра доценті Баймаханов Кенжемырза Наманган университетінен шақырту алып, докторанттар мен магистрлерге дәріс оқыды

Қорытындылар:

- БББ әзірлеу кезінде курсты құруға және оның мазмұнын анықтауға жүйелі тәсіл қолданылады, бұл білім алушыларға өз оқу траекториясын құруда өз шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

- ЭПК-да барлық БББ бойынша оқыту мақсаттары, қысқаша мазмұны және оқытудан күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағды және құзыреттілік) сипатталған.

- 2023-2024 оқу жылында барлық БББ бойынша ПОҚ мен білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы қатысты.

4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

СРЖЖА кафедрасында жоспарлы сипатқа ие кәсіптік бағдар беру жұмысының жүйесі бар және оған мыналар кіреді:

- мектеп және колледж оқушыларын БББ туралы, оның бәсекелестік артықшылықтары, түлектердің еңбек нарығында қажеттілігі; БББ бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің болуы туралы хабардар ету;

- аймақтың мектеп және колледж оқушыларымен ашық есік күндерін, мансап күндерін, көшпелі кездесулер өткізу;

- мектеп оқушылары мен колледж түлектері үшін университетте экскурсиялар өткізу; кафедраның веб-сайты болуы және т. б.

Білім алушыларды БББ бойынша оқуға қабылдаудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайлар:

- БББ бойынша мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырыстың болуы,

- кәсіптік бағдар беру жұмысы;

- жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамы бар бітіртуші кафедраның болуы;

- заманауи материалдық база;

- жетекші жоғары оқу орындарымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық, жақын және алыс шетелдердің ҒЗИ және т. б.

Білім алушылардың қажетті контингентін тарту үшін кафедра үнемі ашық есік күнін өткізеді, Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде кафедра парақтары жүргізіледі және буклеттер және т. б. таратылады.

3-кестеде (қосымша) 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау бойынша мәліметтер келтірілген.

4-кестеде (қосымша) 2023-2024 оқу жылында кәсіптік бағдарлау жұмысы шеңберінде өткізілген іс-шаралар туралы мәліметтер келтірілген.

Қорытынды:

- «Су ресурстары және суды пайдалану», "Аграрлық техника және технология" БББ бойынша білім алушылар контингентінің төмендеуі байқалады.

Оқытушылар туралы ақпарат кафедра сайтында және силлабустардың титулдық бетінде орналастырылған. Нұсқаулықта келтірілген барлық ақпарат ЖОО-ның корпоративтік веб-сайтында ([Water resources, land using and agrotechnology \(auezov.edu.kz\)](http://Waterresources,landusingandagrotechnology(auezov.edu.kz))).

Студенттердің білімін бақылауды ұйымдастыру. Кафедрада кіру, аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін материалдар бар. БББ бойынша сабақ кестесі бар және өзектендірілген. СОӨЖ өткізу кестелері, курстық жобалардың кеңес беру кестелері, үлгерімі нашар студенттермен кеңес беру кестелері бар. Кафедра мәжілісінде бақылау апталарының қорытындылары талқыланады (қысқы сессия 25.01.24 ж. № 6 хаттама; жазғы сессия 25.06.24 ж. №11 хаттама)

Студенттердің үлгерімін талдау аралық және қорытынды аттестаттауды сәтті тапсыру негізінде қалыптасады (http://asu.ukgu.kz/ASUVUZ/UMO/main_adm.plm) 5-кестеде (қосымша) білім алушылардың 2023-2024 оқу жылындағы үлгерімі туралы мәліметтер берілген.

4-кестеде үш тілде оқытатын академиялық үштілді топтар туралы мәліметтер келтірілген.

4-кесте-үш тілде оқытатын академиялық топтар туралы мәліметтер

№	БББ атауы	топтар саны			
		1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
1	6B08610 -СРжСП	-		АП-21-4тк (10)	АП-20-4тк (19)
2	6B07360-Кадастр	-	АП-22-6тк (22)	АП-21-6тк (21)	АП-20-6тк (14)

Қорытынды:

үштілді оқыту "Су ресурстары және суды пайдалану" және "Кадастр" БББ бойынша 5 топта жүргізілді.

ОӨҒК және практика жұмысын ұйымдастыру және өткізу

Бакалавриат: Білім беру бағдарламасы бойынша. Оқу практикасы, өндірістік I және өндірістік II, диплом алды практикалары көрсетілген.

6B08610 –«Су ресурстары және суды пайдалану», 6B07330 – «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» білім беру бағдарламалары бойынша практика базалары болып: "Гидрогеологиялық - мелиоративтік экспедиция" РММ (Шымкент қ.), "Қазсушар РМК Түркістан филиалы (Шымкент қ.);" SMART МАМАН "ЖШС (Шымкент қ.)," "Су ресурстары маркетинг "ЖШС (Шымкент қ.)," "Су Жоба Құрылыс "(Шымкент қ.)," ЖЭО 3 "АҚ (Шымкент қ.)," "Су-арнасы-5С" ЖШС (Шымкент қ.)," «Водоканал-1» ЖШС (Шымкент қ.), «Водоканал-2» ЖШС (Шымкент қ.), «Ордабасы

су жоба» (Ордабасы ауд), "Қазсушар "РМК «Су метрология» филиалы (Шымкент қ), «QAZ Building Project» LLP (Ордабасы ауд), табылады.

6B07350 –«Жерге орналастыру», 6B07360-«Кадастр» Білім беру бағдарламалары бойынша практика базалары:«Оңтүстік Зем Кадастр» ЖШС (Шымкент қ.), «Нұрлы-Жер 2030»ЖШС.(Шымкент қ.), «Мемлекеттік қалақұрылысқадастры» РМК(Шымкент қ.), «Азаматтарға арналған үкімет» "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Шымкент қ.), «Шымкент қаласының сәулет,қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы».ММ. (Шымкент қ), «Қазақстан Республикасы, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Жер ресурстарын Басқару Комитеті. Шымкент Қаласы Жер Ресурстарын Басқару Комитеті» РМК. (Шымкент қ), "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ Шымкент қаласы бойынша филиалы. Қаратау ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі (Шымкент қ.). "Азаматтарға арналған үкімет" МКК КЕАҚ Шымкент қаласы бойынша филиалы". Абай ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі (Шымкент қ.). "Азаматтарға арналған үкімет" МКК КЕАҚ Шымкент қаласы бойынша филиалы". Әл-Фараби ауданының тіркеу және жер кадастры бөлімі (Шымкент қ.), «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Түркістан облысы бойынша филиалы, тіркеу және жер кадастр бойынша Сарыағаш аудандық бөлімі. Түркістан облысы(Сарыағаш қ),«Қазына Проект KZ» ЖШС. (Сайрам ауд),«Геострой СМ» ЖШС (Түркістан облысы, Төле би ауд), («Оңтүстік Геостандарт» ЖШС Шардара қ.)

6B08710-«Аграрлық техника және технология» БББ бойынша практика базалары: "Рамазан Агро" ЖШС (Шымкент қ.); "КазБелТехника" ЖШС (Шымкент қ.), "Х. А. Яссауи" ӨК (Сайрам ауд), «ОС Мурагер» ЖШС (Шымкент қ), «ONTUSTIK AGRO GRUP» ЖШС (Шымкент қ), «Қыран агро» ЖШС (Шымкент қ),«А.С. Дербес» ЖШС (Түркістан облысы, Ордабасы ауд).

Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен келісім шарттар бар (қосымшаның 6-кестесі).

Практикалардан өтудің әдістемелік нұсқаулары мен бағдарламалары бар және ОҚУ СМЖ 7.05-2020 "Студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары" талаптарына жауап береді. Практикалардың барлық түрлері бойынша студенттердің күнделіктері мен есептерін құрастыру сапасы жалпы СМЖ талаптарына жауап береді, практикадан өту мерзімі оқу үрдісінің кестесіне сәйкес келеді. Практикадан өтер алдында кафедрада орнығу конференция және қорытынды конференция өткізіледі, онда практика өту сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасалады.

Кафедрада ОӨҒК жұмыс жоспарлары бар. ОӨҒК кешендерінің білім беру бағдарламасына қарай: 6B08610 – «Су ресурстары жәнесуды пайдалану» білім беру бағдарламасы топ АП-21-4дк және 6B07350 - «Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы топ АП-21-5дк, РММ Оңтүстік Қазақстан «Гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедиция» базасында, «Елді мекен жерлерінің кадастры, территориясын жоспарлау және үйлестіру», «Шаруашылықаралық жерге орналастыру», «Ауыл шаруашылығы мелиорациясы», «Табиғи және сарқынды суларды тазалау» пәндер бойынша практикалық сабақтарды өткізу", «SMART MAMAN " ЖШС-мен ОӨҒК туралы шарт жаңартылып, дуальды оқыту туралы шартқа қол қойылды (21.01.2021 ж. - 21.01.2024 ж.). Сондай - ақ, 6B08610 – «Су ресурстары және суды пайдалану» БББ, 6B07350-«Жерге орналастыру» БББ бойынша "Гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедиция" РМК-мен (Шымкент қ.) (22.05.2023 ж. - 27.05.2027 ж.) ОӨҒК туралы шарт жасалды.

Қорытындылар:

- Кафедрада бакалавриаттың барлық БББ бойынша практиканың барлық түрлерінен өту үшін әлеуетті жұмыс берушілермен шарттар жасалған.
- Практика бойынша есептер СМЖ талаптарына сәйкес ресімделген.

- ӘН және практикадан өту бағдарламалары СМЖ талаптарына сәйкес рәсімделген.

-6B08610-Су ресурстары және суды пайдалану БББ, 6B07350-Жерге орналастыру БББ бойынша дуальді оқыту жүйесін енгізу.

БББ-ның ОӘӘ қамтамасыз етілуі

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасы ПОҚ-ның оқу-әдістемелік әдебиеттерін басып шығару арқылы артады. Басылымның перспективалық және жылдық жоспарына сәйкес барлық БББ бойынша оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету үшін ОӘӘ әзірленеді. ПОҚ шығаратын барлық оқу-әдістемелік әдебиеттер оқу үрдісінде қолданылады және ОҚУ білім беру порталында қолжетімді <http://portal.ukgu.kz>, кітапхана сайты <http://lib.ukgu.kz/>, www.ef.ukgu.kz, mbook.kz.

Оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету оқу-әдістемелік қамтамасыз ету карталарында көрсетілген. Барлық пәндер бойынша ОӘК құрастырылды. Дәрістік, зертханалық және практикалық сабақтардың мазмұны оқу жоспары мен пәндердің оқу бағдарламаларына сәйкес келеді, оқу материалының мазмұны осы саладағы заманауи әлемдік жетістіктерді кеңінен көрсетеді, шетелдік монографиялар, оқулықтар, патенттік әдебиеттер, "Интернет"желісі пайдаланылады.

Білім алушылар ПОӘК, кітап қорымен, электронды оқулықтармен және т.б. толық көлемде қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылында Аграрлық техника мен технология, Су ресурстары және суды пайдалану бойынша оқу әдебиеттерін сатып алуға өтінімдер рәсімделді.

2023-2024 оқу жылында кафедра 41 ОӘЖ:, 2 оқу құралы, 3 оқу әдістемелік құралы, 20 дәрістер жинағы, 9 ӘН, 2 Электронды оқу құралы, 2 іскерлік ойын, 3 кейс, сондай-ақ ағылшын тілінде 1 – оқу құралы, 1 ӘН, 6 дәріс жинағы шығару жоспарланып орындалды.

Оқу-әдістемелік жұмысты орындау туралы мәліметтер 7-кестеде (қосымша) келтірілген.

Қорытынды:

- барлық БББ ОӘӘ-мен толық қамтамасыз етілген

- 6B08610, 6B08710, 6B07360 БББ бойынша оқу әдебиеттерін сатып алуға өтінімдер рәсімделді.

Курстық жобалауды ұйымдастыру

Курстық жобалар мен жұмыстардың тақырыбы оқытылатын пәндер саласындағы өзекті мәселелерді шешумен байланысты, пәндердің оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келеді. Кафедра мәжілісінде курстық жобалар мен студенттерге бекітілген жұмыстардың тақырыптары уақытында қаралып, бекітілді (2023-2024 оқу жылы, 26.09.2023 ж. № 2 хаттама, 25.12.2023ж №5 хаттама және 25.01.2024ж №6 хаттама).

Кафедрада ОҚУ ПР 7.04-2023 СМЖ талаптарына - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ережеге сәйкес рәсімделген курстық жобаларды (жұмыстарды) тіркеу журналы жүргізіледі, курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау және кеңес беру кестелері, курстық жобаларды(жұмыстарды) қорғау бойынша комиссия құрамын тағайындау туралы өкімдер, курстық жобаларды орындау бойынша ММ бар (жұмыстар).

2023-2024 оқу жылында БББ 6B08610-"Су ресурстары және суды пайдалану" бойынша курстық жұмыс "Су сапасын жақсарту" және «Су шаруашылық жүйелерін жобалау» пәндері бойынша "СМЖ ОҚУ ПР 7.04-20223 - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ереже" талаптарына сәйкес орындалды.

2023-2024 оқу жылында БББ 6B07330 «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау»бойынша курстық жұмыс «Су шаруашылық жүйелерін жобалау» пәні

бойынша "СМЖ ОҚУ ПР 7.04-2023 - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ереже" талаптарына сәйкес орындалды.

БББ 6В07350-"Жерге орналастыру" бойынша курстық жұмыс «Шаруашылықаралық жерге орналастыру» және «Елді-мекен жерлерінің кадастры, территориясын жоспарлау және үйлестіру» пәндері бойынша СМЖ ОҚУ ПР 7.04-2023 - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ереже" талаптарына сәйкес орындалды.

БББ 6В07360 – «Кадастр» бойынша курстық жұмыс «Әкімшілік ауданды жерге орналастыру» пәні бойынша СМЖ ОҚУ ПР 7.04-2023 - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ереже" талаптарына сәйкес орындалды.

БББ 6В08710- «Аграрлық техника және технология» курстық жоба "Агротехсервистік жөндеу – қызмет көрсету мекемелерін жобалау " және "Машина технологиялық станцияларын жобалау" пәндері бойынша "СМЖ ОҚУ ПР 7.04-2023 - курстық жұмыс (Жоба) туралы Ереже" талаптарына сәйкес орындалды. Жазуға және безендіруге қойылатын жалпы талаптар".

Курстық жобаларды (жұмыстарды) есептен шығару актілері бар.

Қорытындылар:

- КІП ресімдеу СМЖ талаптарына сәйкес орындалған.
- Курстық жобаларды орындау бойынша бар.
- Талаптарға сәйкес ресімделген курстық жобалар мен жұмыстарды тіркеу журналы жүргізіледі.
- Консультациялар мен курстық жобаларды(жұмыстарды) қорғау кестелері, курстық жобаларды (жұмыстарды)қорғау жөніндегі комиссия құрамын тағайындау туралы өкімдер бар

Дипломдық жұмыстар мен жобаларды ұйымдастыру және орындау.

6В08610 – «Су ресурстар және суды пайдалану», 6В08710 – «Аграрлық техника және технология», 6В07350 –«Жерге орналастыру», 6В07360 – «Кадастр» және 6В07330 – «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» білім беру бағдарламалар бойынша дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау және І-ші, ІІ-ші кешенді емтихандарын тапсыруы СМЖ ОҚУ Е 7.34-2023 сәйкес жүргізілді.

7М07330-«Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша алғашқы магистірлік диссертация қорғау СМЖ ОҚУ П 7.38-2023 сәйкес жүргізілді.

Дипломдық жобаны (жұмысты) және магистірлік диссертацияны орындау кезінде кафедра студенттері мен магистранттары ДРК ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алды, онда СМЖ ОҚУ Е 7.34-2023 және СМЖ ОҚУ П 7.38-2023 сәйкес дипломдық жобаларды (жұмыстарды) мен магистірлік диссертацияларды орындауға қойылатын талаптар белгіленген. Рецензенттердің құрамы су және ауыл шаруашылығы және жер кадастры саласында жұмыс істейтін жоғары білікті мамандардан қалыптастырылды, кафедра отырысында талқыланды және бекітілді (25.01.2024 ж. №6 хаттама).

Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғауға және І-ші, ІІ-шікешенді емтиханды тапсыруға білім алушылар жіберілді.

6В08610 –«Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша І-ші кешенді емтихан пәндері: Гидрология және ағынды реттеу: Су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау; Судың сапасын жақсарту.

ІІ-ші кешенді емтихан пәндері: Гидротехникалық құрылымдар; Ауылшарушылығын сумен қамтамасыз ету және жайылымды суландыру;

6В08610 – «Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша диплом жұмысын қорғаушы саны –19, Кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны - 27;

6B08610 – «Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша барлығы 46 студент.

6B08710 – «Аграрлық техника және технология» БББ бойынша I-ші кешенді емтихан пәндері: Ауылшаруашылық көліктерінің қозғалысы және ұйымдастыруы; Тракторлар мен автомобильдер; Ауылшаруашылығы техникаларында материалтану;

II-ші кешенді емтихан пәндері: Өсімдік шаруашылығындағы және мал шаруашылығындағы технологиялық машиналар мен жабдықтар; Машинапайдалану.

6B08710 – «Аграрлық техника және технология» БББ бойынша диплом жұмысын қорғаушы студенттер саны –2, кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны - 6;

- қашықтықтан оқыту нысаны бойынша кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны-6.

6B08710 – «Аграрлық техника және технология» БББ бойынша барлығы –14 студент.

6B07350 - «Жерге орналастыру» БББ бойынша I-ші кешенді емтихан пәндері: Картография; Жобалармен карталарды графикалық безендіру; Жерге орналастырудың теориялық негіздері;

II-ші кешенді емтихан пәндері: Жерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу; Елді мекен жерлерінің кадастры территориясын жоспарлау және үйлестіру.

6B07350 - Жерге орналастыру БББ бойынша диплом жұмысын қорғаушы студенттер саны –11, Кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны - 3;

- қашықтықтан оқыту нысаны бойынша кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны-8. 6B07350 - Жерге орналастыру БББ бойынша барлығы – 22 студент.

6B07360 – «Кадастр» БББ бойынша I-ші кешенді емтихан пәндері: Картография; Жобалармен карталарды графикалық безендіру; Жер ресурстарын басқару;

II-ші кешенді емтихан пәндері: Жерге орналастыруда және кадастрда спутниктік технологияны қолдану; Жерге орналастырудағы геоақпараттық жүйелер

6B07360 – «Кадастр» БББ бойынша диплом жұмысын қорғаушы студенттер саны – 65, Кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны - 36;

6B07360 –« Кадастр» БББ бойынша барлығы 101 студент.

6B07330 – «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» БББ бойынша I-ші кешенді емтихан пәндері: Гидрология және ағынды реттеу: Су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау; Судың сапасын жақсарту:

II-ші кешенді емтихан пәндері: Сумен қамтамасыз ету және суды алып кету инженерлік жүйелері; Өнеркәсіп кәсіпорындарын сумен жабдықтау:

6B07330 – «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» БББ бойынша диплом жұмысын қорғаушы студенттер саны – 1, Кешенді емтиханды тапсыратын студенттер саны - 2;

6B07330 – «Сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау» БББ бойынша барлығы 3 студент.

7M07330-«Қалалар мен өнеркәсіпті сумен қамтамасыз ету» БББ бойынша магистрлік диссертацияны қорғаушы магистрантар саны – 4,

Кафедрада бағыттар бойынша 4 аттестациялық комиссия жұмыс істеді. Аттестациялық комиссияға 98 бітіру жұмыстары және 4 магистрлік диссертация ұсынылды. Дипломдық жұмыстар мен жобалардың жәнемагистрлік диссертацияның тақырыптары кафедраның БББ білім беру бағытына сәйкес келеді.

Барлық түлектер дипломдық жобалардың (жұмыстардың) жәнемагистрлік диссертацияның алдын ала қорғауынан өтті. Алдын ала қорғау кестесі, алдын ала қорғау хаттамалары бар.

Аттестаттау комиссиясының шешімімен барлық дипломдық жұмыстар (жобалар) жәнемагистрлік диссертациялар қорғаудан өтті.

Кафедраның 20 түлектері аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша үздік диплом иегерлері атанды:

6B08610 – «Су ресурстары және суды пайдалану» БББ бойынша– 1 студент (КуанышбекҰ.Е.)

6B07350 – «Жерге орналастыру» БББ бойынша - 3 студент (АгзамоваД.Н., ЖаханқызыЖ., МәдіханА.Н.).

6B07360-«Кадастр» БББ бойынша 16 студент (ҚамбароваА.У., МамадиярЗ.Д., МаратӘ.С., ТәжітайА.Н., АбдикаликоваД.М., АбдугаппарК.А., НазаралыМ.М., СабыртайД.Ө., СерікӘ.Ө., ТүлекбаеваҰ.Н., Айтжанов Н.Б., КадироваЗ.З., ЕсетоваА.Ж., ПошатайҚ.Ж., СламӘ.Ф., Тайшаева Ә.Ә.).

Білім алушыларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша АҚ төрағасының ұсынымдары:

1. Өңірлік салалардың қажеттіліктерін көрсететін проблемаларды ескере отырып, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын одан әрі өзектендіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

2. Білім алушылардың зерттеу нәтижелерін жариялауын қамтамасыз ету ұсынылды.

Қосымшада 8 – кестеде дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғаудың қорытындылары келтірілген (оқыту тілі-орыс, қазақ).

9-кестеде дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғау бойынша қорытындылардың орташа балы келтірілген.

10-кестеде 2023-2024 оқу жылында оқу процесіне енгізілген студенттердің дипломдық жұмыстарындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері келтірілген:

Қорытындылар:

-Дипломдық жұмыстар мен жобаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар СМЖ ОҚУ Е 7.34-2022 талаптарына сәйкес берілген және әзірленген-дипломдық жұмыс туралы ереже (жоба

- Дипломдық жобалар мен жұмыстар СМЖ ОҚУ Е 7.34-2022талаптарын сақтай отырып ресімделген - дипломдық жұмыс (жоба) туралы ереже. Жазуға және безендіруге қойылатын жалпы талаптар.

- Қорытынды аттестаттау бойынша орташа балл :

- бакалавриат БББ СРжСП - 4,35

- бакалавриат БББ АТжТ-4,53

- бакалавриат БББ ЖО - 4,64

- бакалавриат БББ Кадастр-4,32

- бакалавриат БББ СҚЕСБжСРҚ-4,33

- магистратура БББ ҚӨСҚЕ - 4,50

Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер

Түлектерді жұмысқа орналастыруға "Жас маман-2024" Бос орындар жәрмеңкесі, дөңгелек үстел форматында университет серіктестерінің кездесуі және т.б. сияқты дәстүрлі іс-шаралар арқылы, сондай-ақ Веат сияқты цифрлық платформалар арқылы түлектерді жұмысқа орналастыру үшін бос жұмыс орындарын іздеумен, жұмыс берушілермен байланыс орнатумен айналысатын мансапты қолдау және жұмысқа орналастыру орталығы жәрдемдеседі.

2023-2024 оқу жылында "СРЖЖА" кафедрасы түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін іс-шаралар ұйымдастырды және өткізді (5-кесте).

5-кесте-Түлектерді жұмысқа орналастыру үшін өткізілген іс-шаралар

Мекеме және іс шара атауы	Қатысқан топтар	Мерзімі	Уақыты
Мансапты қолдау және жұмысқа орналастыру орталығының ұйымдастыруымен «kurspro» ЖШС, «Distania» ЖШС, «Linesalescompany» ЖК өкілдерінің университетіміздің жоғары курс студенттерімен кездесу	АП-20-4к АП-20-4тк АП-20-3к АП-20-5к АП-20-6к1 АП-20-6к2 АП-20-6к3 АП-20-6к4 АП-20-6тк АП-20-6р	01.02.2024ж	15-00
Мемлекеттік білім беру тапсырыс міндеттемесінің талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында университетіміздің мемлекеттік грант негізінде бітіруші түлектері мен «Қаржы орталығы» АҚ-ның аға маманы Серікқали Ақзира Серікқалиқызының кездесу	АП-20-4к АП-20-4тк АП-20-3к АП-20-5к АП-20-6к1 АП-20-6к2 АП-20-6к3 АП-20-6к4 АП-20-6тк АП-20-6р	12.02.2024ж	14-30
«Білім туралы» ҚР Заңының 47-бабының 17-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқыған санаттағы ҚР-ның азаматтарына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмысын өтеу міндеті бойынша семинар	АП-20-4к АП-20-4тк АП-20-3к АП-20-5к АП-20-6к1 АП-20-6к2 АП-20-6к3 АП-20-6к4 АП-20-6тк АП-20-6р	16.05.2024ж	10-00
Жас маман-2024 бос орындар жәрмеңкесі	АП-20-4к АП-20-4тк АП-20-3к АП-20-5к АП-20-6к1 АП-20-6к2 АП-20-6к3 АП-20-6к4 АП-20-6тк АП-20-6р	23.05.2024ж	10-00

6-кестеде түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер келтірілген.

6-кесте-Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтер

№	БББ атауы	Жұмыс пен қамту, %
Бакалавриат		
1	6B08610 - Су ресурстары және суды пайдалану	79,31
2	6B08710 - Аграрлық техника және технология	100
3	6B07360-Кадастр	85,71
4	6B07350 - Жерге орналастыру	80,00
Кафедра бойынша пайыздық үлесі		86,25

Ең өзекті міндеттердің бірі "Дипломнан кейінгі сүйемелдеуді" (верификация кезеңі) дамыту болып табылады. Кафедрада түлектерді дипломнан кейінгі сүйемелдеу (верификация кезеңі), жоғары оқу орнынан кейінгі қызметке мониторинг жүргізу, ғалым-мамандарды даярлау сапасын жақсарту саласында түлектермен және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың тиімді тәсілдерін іздестіру көзделген. Университетте түлектер қауымдастығы құрылды.

Қорытынды: түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші 86,25% - ҚР БҒМ КВТ сәйкес келеді (50% кем емес).

5. Профессор-оқытушылар құрамы

